2025 жылғы қаңтар-мамырдағы
құрылыс материалдары өндірісі

Қазақстан Республикасындағы құрылыс материалдарын өндіру көлемі 2025 жылғы қаңтар-мамырда **567** млрд. теңгені құрады, бұл атаулы мәнде 2024 жылғы ұқсас кезеңнен **32,8%-**ға жоғары *(427 млрд. теңге).*

Өнімнің нақты көлемінің индексі 2025 жылғы қаңтар-мамырда **110,3%** құрады. Заттай мәнде өсу келесі тауарлар бойынша байқалады:

- ескерткіштерге, әрлеуге және құрылысқа арналған өңделген тас *(+30,8%);*
- құрылыс мақсаттарына арналған бетоннан жасалған бұйымдар *(+17,8%);*
- тауарлық бетон *(+16,3%);*
- бетоннан жасалған құрылыс құрастырмаларының конструкциялары *(+15%);*
- - құрылыс ерітінділері *(+13,7%);*
- портландцемент (ақ түстен басқа) *(+13,2%)* және т. б.

Құрылыс материалдары өнімдерінің экспорты 2025 жылғы қаңтар-сәуірде 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **2%-**ға төмендеп, **82,1 млн. АҚШ долларын** құрады. Заттай мәнде экспорт көлемі **3,2%-**ға ұлғайып, **419,8 мың тоннаны** құрады, ал өткен жылдың осы кезеңінде ол 406,6 мың тонна деңгейінде болды. Экспорттың негізгі топ-елдері: Ресей *(61,6%),* Қырғызстан *(18,5%)* және Өзбекстан *(8%).*

2025 жылғы қаңтар-сәуірде отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты **329,5 млн. АҚШ долларын** құрап, 2024 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда **0,5%-ға** өсті. Заттай көріністе тауарлар көлемі **998,1** мың тоннаны құрап, 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **25%-**ға ұлғайды. Негізгі топ-импорттаушы елдер: Ресей *(41,5%),* Қытай *(32%),* және Өзбекстан *(7,4%).*

2025 жылғы қаңтар-сәуірде Қазақстан Республикасының құрылыс материалдары нарығының көлемі **1 097 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл ретте **ОТӨ үлесіне 70%, импорттық өнімнің үлесіне 30% келеді.**


Ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде құндық мәнде өндірістің ең көп көлемі Астана қаласына (өңірдің үлесі өндірістің жалпы көлемінде 14%), Алматы облысына (10%) және Шымкент қаласына (9,5%) тиесілі.

QazIndustry

ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

январь-май 2025 г.

567
МЛРД ТГ



110,3%
ИФО

$82,1 МЛН



ЭКСПОРТ




РЫНОК

$329,5 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-апрель 2025 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «Qazindustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz